



• СҮХБАТ

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№55 (3684)
23 шілде 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЕЛ МЕРЕЙІН ЕСЕЛЕУГЕ АТТАНДЫ



XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына санаулы күндер қалды. Франция астанасы Париж қаласында өтетін дүбірлі додаға әлем көз тігуде.

Париж Олимпиадасы — Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде қатысқалы отырған сегізінші жазғы Олимпиадасы болмақ. XXXIII жазғы Олимпиада ойындарында 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Додаға әлемнің 205 елінен 10 500 спортшы қатысады деп жоспарланып отыр. 26 шілде күні басталатын жарыс 11 тамыз күні өз мәресіне жетеді.

Қазақстан құрамасы аталған ойындарға 25 спорт түрінен 80 спортшыны жарысқа қосады. Қазақстандықтар бокс, дзюдо, спорттық гимнастика, жеңіл атлетика, байдарка мен каноэде есу, окпен ату, семсерлесу, грек-рим күресі, еркін күрес, садақ ату, стендтік ату, теннис, велошоссе, жүзу, заманауи бөксаясы, таеквондо, велотрек, батут гимнастикасы, бад-

минтон, академиялық есу, көркем гимнастика, триатлон, үстел теннисі, құзға шығу және брейкингтен сыңа түседі. Олимпиадаға қатысатын Қазақстан құрамасы спортшыларының алғашқы легі бүгінде Париж төрінде. Ұлттық Олимпиада комитетінің хабарлауынша, олардың қатарында 25 шілде күні жарысты бастайтын садақ ату шеберлері де бар. Олимпиада қалашығы Париждің солтүстік жағында орналасқан, аумағы 52 гектарды құрайды. Инфрақұрылымда қажеттінің бәрі бар: 40 тұрғын үй, жаттығу

корпустары, емхана, асхана және басқа да нысандар. Атлеттердің көңіл көтеруіне арналған клубтар да бар. Олимпиадалық қалашықта 14,5 мыңдай адам тұрады. Оның ішінде 9 мың спортшы.

ҚР Ұлттық олимпиада комитетінің басшысы Геннадий Головкин Париждегі Олимпиадада біздің құрамаға қолдау көрсететінін, Қазақстанның мықты құрама командасы бар екенін және спортшылардың міндетті түрде медальмен оралатынын айтты.

Ж.Құрманбай

(Соңы 5-бетте)

• ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ МІНДЕТТЕРІ

ХАЛЫҚТЫҢ СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМІ ҚАНДАЙ?

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде әділдік және жауапкершілік құндылығын ерекше атап өткен болатын. «Шын мәнінде, бұл мемлекеттің де, қоғамның да айнымас темірқазығы болуға тиіс. Барлық салада әділдік болса, әлеуметтік теңдік орнайды, татулық пен келісім нығая түседі. Мен Мемлекет басшысы ретінде Әділетті Қазақстанды құруды өзіннің басты міндетім деп санаймын. Шын мәнінде, әділдік – ең алдымен, жұрттың бәрине бірдей құқық беру және жауапкершілікті баршаға тең жүктеу деген сөз. Әділдік пен жауапкершілік – тығыз байланысты ұғым. Басқаша айтсақ, жауапкершілік болмаса, әділдік те болмайды. Әркім өз ісіне, міндетіне жауапкершілікпен қараса, жеке азамат та, бүкіл ел де табысқа жетеді. Әділдіктің қуаты – осында», – деген еді.

Ұлттық статистика бюросы жақында халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне деген сенім деңгейіне қатысты жылына екі рет жүргізілетін іріктеп тексеру нәтижесін жариялады. Соңғы зерттеуге 15 пен 80 жас аралығындағы әрбір үй шаруашылығының мүшелері сұралған еді.

Сауалнамаға сәйкес, халықтың 64 пайызы тұрғылықты жерінде өздерін толық қауіпсіз сезінетінін атап өткен. 29,4 пайызы – жеткілікті

түрде қауіпсізін десе, 5,4 пайызы – өзін қауіпсіз сезінбейді. Ал 0,6 пайызы өзін мүлдем қауіпсіз деп сезінбейтінін айтқан. Бұл жағдайда ерлерге (70%) қарағанда әйелдер (58,5%) өздерін толық қауіпсіз сезінбейтіні байқалды.

Өңірлердегі сауалнамаға қатысқандар ішінде Жамбыл облысында (76,5%) өзін толық қауіпсіз сезінетіндер көп болса, ең азы Шығыс Қазақстан облысында (45,7%) тіркелді. Қалалық және ауыл-

дық елді мекен тұрғындарын салыстыратын болсақ, қала тұрғындарына (63,1%) қарағанда ауыл тұрғындары (65,5%) өздерін көбірек қауіпсіз сезінгені екен.

Респонденттердің жауабына сәйкес, қауіптің негізгі себебі – көшеде жарықтандырудың жетіспеуі – 21,4%, шабуылдан қорқу – 16% және жалғыз жүруден қорқу – 16,7%. Сонымен қатар, әйелдердің 17,5 пайызы көшеде шабуылға ұшыраудан қорқатынын жеткізген.

Құқық қорғау органдарының қызметі туралы білетін респонденттердің бөлінісі келесідей: полиция жұмысы туралы сұралғандардың 21,8% пайызы біледі. Халықтың прокуратура туралы – 20,1%, өртке қарсы қызмет бойынша – 18,7%, сот жүйесі туралы – 15,5%, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет туралы – 13,6% және экономикалық тергеу қызметі туралы 10%-ы хабардар.

Зерттеу қорытындысы бойынша прокуратураға сенетін адамдардың үлесі 66% құрады, ішінара сенетіндер – 24,1%, сеніңкіремейтіндер – 3%, сенбейтіндер – 2,3%, жауап беруге қиналғандар үлесі 4,6% болды. Полиция органдарына сенетіндер – 61,6%, ішінара сенетіндер – 27%, керісінше сенбейтіндер – 4,4%, сенбейтіндер – 4,6%, жауап беруге қиналғандар үлесі 2,5 пайызды құрады. Сот жүйесіне сенетіндер – 61,8%, ішінара сенетіндер – 25,9%, сеніңкіремейтіндер – 3,4%, сенбейтіндер – 2,9%, жауап беруге қиналғандар 6%. Өртке қарсы қызметке сенетіндер – 79,4%, ішінара сенетіндер – 16,4%, сеніңкіремейтіндер – 0,9%, сенбейтіндер – 0,4%, жауап беруге қиналған респонденттер үлесі 2,8% құрады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Зан газеті»

